

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің
2011 жылғы «04» сәуір
№ 208 бұйрығымен бекітілген



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТҮЛГА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2011 ж. «04» күні өткізілді
№ 109398-1910-АК
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
«20» 04 2011 г.
свидетельство № 109398-1910-АК
БСН/БИН 050440005787

«САРЫАРҚА АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
2011 ж. «27» 01
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ
КҮӨЛІК № 571-19 01-01-АК
БСН 050440005787

«АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
2011 ж. «28» 07
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ
КҮӨЛІК № 1095-1901-03-АК
БСН 050440005787

«Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
2011 ж. «03» 12
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ
КҮӨЛІК № 3488-1901-02-АК
БСН 050440005787

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҒЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛГАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
БАСТАҒЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2011 ж. «19» 04
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ
№ 6057-1901-КАО-АК
БСН 050440005787

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҒЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛГАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
БАСТАҒЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2011 ж. «19» 04
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ
№ 6057-1901-КАО-АК
БСН 050440005787

Алматы қаласы, 2011 жыл

Qv

1-бап. Жалпы ережелер

1. «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның орналасқан жерін, органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Акционерное общество «Казавиаспас».

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Қазавиақұтқару» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «Казавиаспас».

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050015, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Дорожник» ықшам ауданы, 26Б-үй.

2-бап. Қоғамның заңды мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асырады, міндеттер алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

6. Қоғамның өз атауымен мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны, сондай-ақ корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның орналасқан жерінен тыс жерлерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3-бап. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

10. Қоғам өз мүлкінің шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік алады.

11. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

12. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4-бап. Қоғам қызметінің мәні және түрлері

13. Қоғам қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне (бұдан әрі – ТЖМ) төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын

ayb²

жою саласында авиациялық қызмет көрсету және азаматтық авиация саласында өзге шаруашылық қызметтерді жүзеге асыру болып табылады.

Қоғам қызметінің негізгі мәнін жүзеге асыру мақсатында мынадай қызмет түрлерін орындайды:

- 1) ТЖМ-нің, оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері мен ерікті құтқару құрылымдарының жеке құрамы мен жүктерін табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар аймақтарына жеткізу бойынша көлік-жолаушы ұшулары;
- 2) зардап шеккендер мен тұрғындарды және мүлікті төтенше жағдайлар аймағынан көшіру бойынша ұшуларды орындау;
- 3) төтенше жағдайлар аймақтарына гуманитарлық жүктерді жеткізу бойынша ұшуларды орындау;
- 4) республикалық және халықаралық жаттығуларға, БҰҰ, ЕЕҚҰ, ТЖМ-нің саласындағы халықаралық ұйымдар мен басқа мемлекеттік басқару органдарының халықаралық жобаларына қатысу;
- 5) іздеу-құтқару мен авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша ұшуларды орындау, табиғат апаты кезінде көмек көрсету;
- 6) авиация техникасы мен оның бөлшектерін жөндеу бойынша техникалық қызмет көрсету;
- 7) тұрғындарға медициналық қызмет көрсету және санитарлық іс-шаралар жүргізу бойынша ұшуларды орындау;
- 8) жолаушыларды, багажды, жүктер мен поштаны әуемен тасымалдау;
- 9) аэросуретке түсіру өндірісі, картографиялық-геодезиялық және әуе-химиялық жұмыстары бойынша ұшуларды орындау;
- 10) орман шаруашылығына қызмет көрсету бойынша ұшуларды орындау;
- 11) құрылыс-монтаж және жүкті тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ету бойынша ұшуларды орындау;
- 12) көлік-байланыс ұшулары;
- 13) теңіз кемелері мен теңіз бұрғы қондырғыларынан, жабдықтардың вахталық бригадаларын тасымалдау бойынша мұнай-газ бөлімінің жасанды аралдарынан және т.б. ұшуларды орындау;
- 14) әуежай қызметін жүзеге асыру;
- 15) далалы, сулы, орманды және таулы жерлердегі төтенше жағдайларды алдын алу және жою үшін патрульдеуге байланысты ұшулар;
- 16) өрттерді алдын алу және жою бойынша ұшуларды орындау;
- 17) байқау және құлақтандыру (апарып салу және бекеттерге қызмет көрсету) қызметтерін ұйымдастыру бойынша ұшулар;
- 18) жағдайларға (сел тасқыны, су тасқыны, көшкіндер және т.б.) кешенді баға беру мақсатында аумақтарды аэровизуалды шолу бойынша ұшулар;
- 19) түздегі экспедициялық жұмыстарға қызмет көрсету бойынша ұшулар;
- 20) электр тарату мен магистральді құбыр желілерін тексеру бойынша аэровизуалды ұшулар;
- 21) ұшқыштар құрамының кәсіби деңгейін көтеру және жаңа техниканы игеру үшін жаттығу ұшуларын орындау;
- 22) ресми тұлғаларды, үкімет делегациялары мен басқа заңды тұлғаларды тасымалдау бойынша тендерлерге қатысу;
- 23) ресми делегациялар үшін Қазақстан Республикасы территориясында және оның шегінен тыс аумақтарында литерлік чартерлік рейстерді ұйымдастыру және орындау.

Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті Қоғам тиісті лицензиясы болған кезде жүзеге асырады.

Қоғам оны құрудың мақсаттарына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.

5-бап. Қоғамның мүлкі мен капиталы

14. Қоғамның мүлкі:

- 1) Қоғам акцияларын төлеуге акционерлер берген мүліктің;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістердің;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен қалыптастырылады.

15. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

6-бап. Қоғамның бағалы қағаздары

16. Қоғам жай акциялар шығарады. Жай акция оны иеленетін әрбір акционерге жай акциялардың басқа да иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді.

17. Акциялар құжаттамалық емес нысанда шығарылады.

Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығында бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

18. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді онымен жасалған шарттың негізінде Қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады.

Қоғам сатып алған өз акциялары туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесіне міндетті енгізілуге жатады.

Акционерлердің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқықтарын растайтын құжаттар ретінде акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінен үзінді-көшірмелер қызмет етеді.

19. Қоғам орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілге қабылдайды.

20. Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығын осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе алып тастауға болмайды.

21. Қоғам әрбір акционерге жолданатын орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алу туралы жазбаша хабарлама жолымен орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алу туралы акционерлерді хабардар етеді.

22. Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген акциялар мен облигацияларды шығару, қозғалысы және есепке алудың басқа да мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы шешім қабылданған кезде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында айқындалады.

7-бап. Қаржыландыру және Қоғамның табысы

23. Қоғамның таза табысы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді.

24. Қоғам акционерлеріне дивидендтер төлеу жылына бір рет жүргізіледі. Дивидендтерді есептеу мен төлеу туралы шешім жыл қорытындылары бойынша

акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады. Дивидендтер оларды төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап отыз күннен кешіктірілмей төленеді.

Қоғам дивидендтер төлеуді ақшамен жүргізеді. Дивидендтер төленген акцияларға ғана есептеледі.

25. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) меншікті капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, акционерге дивидендтердің негізгі сомасы мен ақшалай міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

8-бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

26. Қоғам акционерінің:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңында (бұдан әрі – Заң) және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді-көшірмелер алуға;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен және Қоғамға сұраудың келіп түскен күнінен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

27. Ірі акционердің, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

28. Қоғам акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) аталған акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күннің ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

9-бап. Қоғамның органдары

29. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган – акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер);

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган (жеке) – Бас директор;

4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

10-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы

30. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен айқындалады.

31. Барлық дауыс беретін акциялар жалғыз акционерге тиесілі қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңда және Қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқыққа нұқсан келтірмейтін және оны шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

32. Егер Қоғам Жарғысының осы бабының 31-тармағында көзделген жағдайларда, Қоғамның жалғыз акционері немесе барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлға заңды тұлға болып табылған жағдайларда, Заңда және Қоғамның Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес заңды тұлғаның осындай шешімдерді қабылдау құқығына ие органы, лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлері қабылдайды.

33. Акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

6) есептік комиссияның сандық құрамын, өкілеттіктері мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Қоғамның Бас директорын сайлау, оның өкілеттіктері мерзімін айқындау және мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктері мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

10) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

11) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12) осы Жарғының 25-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларын ерікті делистингілеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

15) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және мұндай акпаратты бұқаралық акпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;

16) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес сатып алған кезде, олардың құнын айқындау әдістемесін (әдістемеге өзгерістер) бекіту;

17) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

18) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы акпарат беру тәртібін айқындау;

19) «алтын акцияларды» енгізу және күшін жою;

20) шешім қабылдау Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

34. Осы Жарғының 33-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының қалған мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілік дауысымен қабылданады.

35. Іштей тәртіпте өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде, Қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатыса алады және сөз сөйлей алады. Көрсетілген тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

36. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) Қоғамның өзге органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның осы Жарғысына қайшы келетін кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

11-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі

37. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

 7

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны және оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің орта мерзімді жоспарларын және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде олардың орындалуы туралы есепті бекіту;
- 6) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;
- 8) Қоғамның Бас директоры орынбасарларының сандық құрамын, өкілеттіктері мерзімін айқындау және оларды сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Қоғамның Бас директоры және оның орынбасарларының лауазымдық жалақыларының мөлшерлерін, еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;
- 10) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 11) Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау, сандық құрамы мен өкілеттіктері мерзімін айқындау;
- 12) Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;
- 13) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктері мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 14) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы мөлшерін айқындау;
- 15) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 17) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдер қабылдау;
- 18) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайыздары Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 19) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 20) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда, Қоғамның тіркеушісін таңдау;

21) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

22) ірі және жасалуына қоғам қызығушылық танытқан мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау.

38. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібі, өкілеттіктері мерзімі Заңмен белгіленеді.

39. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс.

Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан көп пайызын құрайды.

Дауыстардың саны тең болған кезде, Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

40. Мынадай тұлға:

1) жоғары не арнаулы орта білімі жоқ;

2) заңда белгіленген тәртіппен сотталғандығы өтелмеген немесе алынбаған;

3) бұрын аталған тұлға басшылық жасаған уақытта банкрот болып танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері болып табылған тұлға банкроттық консервация, санация, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

Қоғамның Бас директоры Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

41. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен айқындалады.

42. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастама жасауға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына (ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда – атқарушы органға) жазбаша нысанда беріледі және дауыс беруге қойылған нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер) болуы тиіс.

43. Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер және дауыс беруге енгізілген мәселе (мәселелер) бойынша материалдар Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей жіберіледі (таратылады).

Бюллетеньде:

1) қоғамның толық атауы;

2) отырысты өткізудің бастамашысы туралы мәліметтер;

3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;

4) дауыс беруге қойылған нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер);

5) «иә», «жоқ», «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;

6) бюллетеньді толтыру тәртібі бойынша түсіндірме болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген отырысының шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, жазбаша түрде ресімделеді.

44. Тізбесі Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның атқарушы органына шешім үшін беріле алмайды.

45. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Бас директорының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

12-бап. Қоғамның атқарушы органы

46. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етуді атқарушы орган – Бас директор жүзеге асырады.

47. Бас директор акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кіретіндерден басқа, оның ағымдағы қызметінің барлық мәселелерін шешетін Қоғамның жеке атқарушы органы болып табылады және акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің алдында оған жүктелген міндеттердің орындалуына жауаптылықта болады.

48. Қоғамның Бас директоры мен оның орынбасарлары басқа заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

49. Қоғамның Бас директорының құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;

2) Қоғам қызметінің орта мерзімді кезеңге арналған қаржы-шаруашылық жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде оның орындалуы туралы есепті дайындау;

3) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдау;

4) акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;

5) Қоғамның ұйымдық бірліктері (бөлімшелері) туралы ережелерді бекіту;

6) статистикалық есептілікті қалыптастыру;

7) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

8) акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысы немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататындардан басқа, Қоғам қызметінің барлық басқа мәселелерін шешу.

50. Қоғамның Бас директоры:

1) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамды білдіруге құқық беретін сенімхаттар береді;

3) Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (Қоғамның Бас директорының орынбасарлары мен ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда) жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу (сыйлықақы беру) шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Бас директордың орынбасарлары мен ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақылардың мөлшерін белгілейді;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады және көрсетілген жұмысқа дербес жауапты болады;

6) Қоғам акционерлерінің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Бас директор болмаған кезде, Бас директордың функцияларын оны алмастыратын тұлға атқарады.

13-бап. Қоғамның ішкі аудит қызметі

51. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен құрылады.

Ішкі аудит қызметі Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне, оның атқарушы органының және құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның органы болып табылады. Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

52. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді, Қоғамның басшылығына және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін әрі тәуелсіз қол жеткізе алады.

53. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қорытындылар дайындайды.

Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібін, еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

54. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

14-бап. Есепке алу, есептілік және аудит

55. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

56. Жылдық қаржылық есептілік бухгалтерлік теңгерімді, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

57. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті (түсіндірме жазбаны қоспағанда) және аудиторлық есепті оны акционерлердің жалпы жиналысы бекіткеннен кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей тиражы 30 (отыз) мың данадан асатын бұқаралық ақпарат құралдарына жариялайды.

58. Жылдық қаржылық есептілік Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің (жалғыз акционердің) жылдық жалпы жиналысының қарауына енгізілетін күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысы жүргізеді.

59. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, атқарушы органның бастамасы бойынша Қоғамның есебінен не ірі акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте, ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы.

Ірі акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Қоғамның атқарушы органы Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

60. Қоғамның статистикалық есепке алуы мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

15-бап. Қоғамның ақпаратты ашуы

61. Заңға және осы Жарғыға сәйкес, Қоғам өз акционерлеріне қоғам акционерлерінің мүддесін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты жеткізеді.

Акционерлік қоғам мен оның акционерлері өздерінің хабарларын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануға жататын басқа да ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын ақпарат құралдары – «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттері.

62. Акционердің талабы бойынша Қоғам акционерге Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

63. Акционер ақпарат алу мақсатында, Қоғамның атқарушы органына жазбаша нысанда өтініш білдіреді. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алатын журналда тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап етіліп отырған ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш білдірілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде беруге міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін ақының мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды акционерге жеткізумен байланысты шығыстарды төлеуге кеткен шығыстардың құнынан аспауы қажет.

64. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі ұсынатын мәліметтердің негізінде жүргізуге міндетті.

65. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену туындаған күннен бастап жеті күннің ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға ұсынуға міндетті.

66. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ол белгілеген тәртіппен ұсынуға міндетті.

16-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

67. Қоғам акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

68. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі.

17-бап. Қорытынды ережелер

69. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

70. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің
төрағасы



04.08.2011
Э. Өтепов

Э. Өтепов

УСТАВ
акционерного общества «Казавтотранс»

г. Алматы, 2011 г.

Э. Өтепов

Статья 1. Общие положения

Утвержден
приказом Комитета
государственного имущества
и приватизации Министерства
финансов Республики Казахстан

от «04» апреля 2011 года

№ 208



1. Наименование Устав акционерного общества «Казавиаспас» утверждено решением Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 04 апреля 2011 года.
2. Подпись на документе об утверждении Устава акционерного общества «Казавиаспас»:
- 1) на государственном языке;
- 2) на русском языке; акционерное общество «Казавиаспас»;
3. Сокращенное наименование акционерного общества «Казавиаспас»:
- 1) на государственном языке;
- 2) на русском языке: АО «Казавиаспас»;
4. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 050015, г. Алматы, Жетысуский район, микрорайон «Дорожники», д.265.

Статья 2. Юридический статус Общества

5. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.
6. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.
7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, законами Республики Казахстан, актами Президента Республики Казахстан, актами Правительства Республики Казахстан, а также внутренними корпоративными управлениями.
8. Общество действует в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.
9. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, но являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

УСТАВ акционерного общества «Казавиаспас»

Статья 3. Ответственность Общества и акционеров

10. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.
11. Общество не несет ответственность по обязательствам своих акционеров. Акционеры не отвечают по обязательствам Общества в результате убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.
12. Общество не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по его обязательствам.

Статья 4. Предмет и виды деятельности Общества

13. Основным предметом деятельности Общества является оказание жилищно-коммунальных услуг Министерству по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан (далее – МЧС) в объеме, установленном договором.

город Алматы, 2011 год

Статья 1. Общие положения

1. Настоящий Устав акционерного общества «Казавиаспас» (далее - Общество) определяет его местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование Общества:

- 1) на государственном языке: «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке: акционерное общество «Казавиаспас».

3. Сокращенное наименование Общества:

- 1) на государственном языке: «Қазавиақұтқару» АҚ;
- 2) на русском языке: АО «Казавиаспас».

4. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 050015, г.Алматы, Жетысуский район, микрорайон «Дорожник», д.26Б.

Статья 2. Юридический статус Общества

5. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

6. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом, а также кодексом корпоративного управления.

